| **Пәннің аты:қазақ тілі** | **Уақыты:06.10.2016** | **Кабинет:40** | **Мұғалім:Калиева А.А.** |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың атауы** | Дауыссыз дыбыстардың түрлері | | |
| **Мақсаты**<br><br><br><br>**Күтілетін нәтиже** | 1.Дауыссыздарды қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін білдіру, олардың айтылу ерекшеліктерін байқату. Сөзге саналы түрде дыбыстық талдау жасай білуге төсілдіру.<br>2. Сауатты, көркем жазуды дамыту.<br>3.Мәдениетті сөйлеуге, шыдамды болуға, іздемпаздыққа тәрбиелеу.<br>Сабақтың түрі: жаңа сабақ<br>Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, түсіндір, сто тех<br>Сабақтың көрнекілігі: суреттер,электронды оқулық,кесте | | |
| **Психологиялық ахуал** | Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!<br>Мен бәріңе Қуаныш тілеймін!<br>Мен бәріңе Мейірім тілеймін!<br>Мен бәріңе шуақты күн тілеймін!<br>Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! | | Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді. |
| **Қызығушылықты ояту** | Ереже сұрау. - Мен сендермен дыбыс туралы қаншалықты білетіндеріңді байқау үшін бірнеше сұрақтар қоямын.<br>- Дыбыс пен әріптің айырмашылығы қандай?<br>-Дыбысты айтамыз, естиміз.<br>Әріпті жазамыз, көреміз.<br>- Қазақ тілінде қанша дыбыс, қанша әріп бар?<br>-42 әріп, 40 дыбыс. | | Жаңа сабаққа деген қызығушылықтары оянып,ерекше ынтамен кіріседі. |
| **Мағынаны тану** | **Жаңа сабақ.** Электронды оқулықты,кестені пайдаланып түсіндіру.<br>Дыбыс түрлері:<br>Дауысты Дауыссыз<br>Жуан Жіңішке Қатаң Ұяң Үнді<br>Дауыссыз дыбыстар 3 - ке бөлінеді.<br>Дауыссыз дыбыстарды айтқанда ауа<br>1) кедергіге ұшырайды<br>2) тосқауылдан өту кезінде, дыбыстау мүшелеріне күш түседі де, ауа лап етіп шығады<br>3) созып айтуға келмейді.<br>Үнді: л, м, н, ң, р, й, (у)<br>Ұяң: б, в, г, ғ, д, ж, з,<br>Қатаң: к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ,<br>Кі - тап, 5 дыбыс, 5 әріп, 2 дауысты, 3 дауыссыз, 2 буын<br>К - дауыссыз, қатаң<br>І - дауысты, жіңішке<br>Т - дауыссыз, қатаң<br>А - дауысты, жуан<br>П - дауыссыз, қатаң<br>**Оқулықпен жұмыс.**<br>**Дәптермен жұмыс**.<br>**82-жаттығу.**Өлеңді мәнерлеп оқы.Өлеңді көшіріп жаз.Қарамен жазылған сөздерден дауыссыз дыбыстарды тап. | | |

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетіШ.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы

| | | |
|---|---|---|
| | **83-жаттығу.**Жаңылтпашты оқып шығып,жатқа жаз.<br>*Жаңылтпашта дауыссыз дыбыстардың қай түрлері кездеседі? | |
| **Сергіту сәті** | Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек?<br>Көңілді болып жүрейік.<br>Кел балалар, күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Күлкі көңіл ашады,<br>Күліп өмір сүрейік! | |
| **Ой толғаныс** | **Өзіндік жұмыс.**<br>**84-жаттығу.**Ребусты шеш. Шешуіндегі сөзді қатыстырып сөйлем құра.<br>***Қолшатыр.***<br>**Шығармашылық  тапсырма:**<br>**Ойын«Дыбысқа саяхат» 85-жаттығу.**<br>Саз,қолшатыр,жалбыз.Сөздерге дыбыстық талдау жасау.<br>**Венн диаграммасы**<br>Дауысты Дауыссыз;<br>**Өлеңнің ұйқасын тап:**<br>Білім ал да _____________<br>_________ доска бер көмек.<br>Отанды сүй,____________<br>___________ адам бол. | |
| **Үйге тапсырма** | Ереже жаттау.30-бет,86-жаттығу. | Күнделіктеріне жазып алады |
| **Бағалау** | Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау | Бағалау парақшасын толтырады. |
| **Кері байланыс** |  | Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады |

Тексерді: